

оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру міндеті тұр. Ең тиімді құралдардың бірі-психикалық операциялар жүйесін қалыптастыруды, сыни ойлауды және стереотиптік емес мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамытуды көздейтін проблемаға бағытталған оқыту.

Әдебиеттер:

1. Губанова М.И., Лебедева Е.П. бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы: қалыптасу мәселелері мен перспективалары, 2009 ж. – № 12
2. Матюшкин А.М. ойлау мен оқудағы проблемалық жағдайлар. - М.: Педагогика, 1972
- 3.Мацкевич В., Крупник С. функционалдық сауаттылық. - Минск: Харвест, 2001
- 4.Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері (bkokdi.kz)

Хаби К.

**«Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ, Топар кенті
Медиева С.Х.**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудағы қоғам, отбасы, жанұяның бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығы, сыйластығы мәдениеті мен әділеттілігі жайында баяндалады. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың орны, баланы өмірге әкелерде жанұя тәрбиесіне үлкен жауапкершіліктің жүктелгені сонымен қатар әділдік пен бауырмалшылық, өзара түсінушілік, ата-анаға және туған туыстарына деген сүйіспеншілік пен сыйластық, отанға және айналадағы қоршаған табиғатқа деген махаббат, адамдарға және еңбекке деген құрмет тағы да сол сияқты тұлғалық қасиеттердің мектеп қабырғасында қалыптастыратыны айтылады.

Кілт сөздер: тұлғааралық қарым-қатынас, психикалық функция, қарым-қатынас, мінез-құлық, әлеуметтік-психологиялық, қоғам мүшелері, танымдық іс-әрекеті, қоғамдық байланыстар, адамгершілік құндылықтар, импульстік іс.

Жеке тұлға өзіндік құндылық. Оның тұлғалық қасиетінің дамуы мен қалыптасуы мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек.

Бұл жөнінде ежелден – ақ ұлы ойшылдарымыз Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Ұлы Абай ерекше толғанған, сондықтан еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған Д. Кішібеков, Р.Н.Нұрғалиев жеке тұлғаның дамуы – қоғамдық қатынастардың нәтижесі деген философиялық тұжырым жасаған.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру үшін, ол күн сайын жанұя мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым – қатынастардың куәсі болуы қажет. Жанұя мүшелері бір – бірімен тату – тәтті, өзара түсінікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің, көрінісі айқын сезіліп тұрады. Жанұяның бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір – біріне деген қамқорлығынан, тіпті бірыңғай саяси көзқарасты ұстануымен, соған орай, ерлі – зайыптылық және ата – ананың сезімін терең түсіне білулерінен байқалады.

Жанұя мен мектептің ынтымақтастығының негізгі міндеті – баланың тұлғасын қалыптастыруға, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттедің барлығы – негізінен жанұя мен мектепте, яғни жан иелерін тәрбиелеп шығаратын ортада дамып, қалыптасып нығаяды.

Қазіргі уақытта тұлғааралық қарым-қатынас адам тұрмысының қажетті жағдай болып келеді, яғни ол адамдағы кейбір психикалық функция немесе психикалық процесс, психикалық қасиеттердің бөлігі, тұлғаның маңызды құрылымы. Қарым-қатынас – бұл адамдардың өзара әрекеттесуі және өзара түсінушілік болып табылады. Сондықтан, қарым-қатынас мәселесі баланың әлеуметтік ортаға кіру процесін реттейтін негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Адамның бала кезінен бастап жаңа әлеуметтік жағдай баланың өмір жағдайын қиындатады және ол үшін стрессогенді болып табылады.

Баланың мектеп өміріне ауысуында оның өміріне мынадай өзгерістерге ұшырайды:

1. Өмірдің қаталырақ тәртібі: ерте тұру, қоңырау соғылғанда жұмысты бастау, сабақта тыныш отыру, жан-жаққа қарамау және т.б.

2. Қарым-қатынастың арнайы стилі: мұғалім ережелердің орындалуын қатаң талап ететін, оқушының әрбір әрекетін қадғалайтын адам ретінде болады.

3. Мектепте жұмыс әдісіне, берілген әдісті саналы түрде орныдауына үлкен көңіл бөледі. Бала бұрыннан бастап отырып, тұруды үйренсе де мектепте партаға қалай дұрыс отыру, орнынан тұру, қолына қаламсап ұстау керектігін үйретеді.

Төменгі сыныпта балалар үшін әлеуметтік қарым-қатынастың екі аймағы болады, олар: «бала-үлкендер», «бала-балалар». Бұл жағдайлар ойын және оқу іс-әрекетімен байланысты. Ойын нәтижелері баланың ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасын бұзбайды, балалардың ұжымның арасында болатын қарым-қатынас оларды жан-жақты тану көмегін тигізеді. Бұл қарым-қатынастар бір-бірімен параллелді жүреді және олар иерархиялық байланыстармен орнатылмаған. Баланың жан-жақты дамуы отбасы ішіндегі үйлесімділікке тәуелді болады[1].

Қарым-қатынас процесінде адамдар арасындағы қоғамдық байланыстар жүзеге асады. Қазіргі қоғамда қарым-қатынастың әлеуметтік функциясын теориялық жағынан екі категорияға бөлуге болады: әлеуметтік - тұтас қоғам немесе олардың бөлек топтарының қажеттіліктерін әсерлесу процесінде қанағаттандыруға негізделген; әлеуметтік-психологиялық-қоғам мүшелері бөлек тұлғалардың қажеттіліктерімен байланысты.

Қарым - қатынастың жоқтығы баланың дамуына үлкен әсер етеді. Ол оның танымдық іс - әрекеті, тілі, қалыпты көрсеткіштен қалып қояды. Қоршаған адамдармен қарым - қатынасында қиындық туады. Егер бала селқос болып өссе, ересектер оған үйрену объектісі бола алмайды. Жеке қарым - қатынасқа ғана, балада пайда болатын басқаға керек екенін түйсіну, қауіпсіздік сезімнің тууы, өмірлік тонустың жоғарлауы өз - өзіне сенімділігінің қажетті шарты болады.

Қарым - қатынас мазмұны қабылданушы оқиға шегінен шығып жететін, қарым - қатынас оқиғадан тыс деп аталынады. Ол тек қана тілдік формада жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, жай ғана ойыншықтармен ойнау жеткіліксіз. Мектептегі төменгі сынып оқушыларының, көрмегені туралы әңгімелер, оның әлем туралы көзқарасын кенейту қажет[2].

Көптеген ғалымдар достық қарым-қатынас кезінде табысқа қол жеткізуіне баланың жекелеген ерекшеліктері маңызды дейді. Негізінен ол ерекшеліктер баланың достарымен қарым-қатынас кезіндегі стилін көрсетеді. Олар мейірімділік, көңіл аудару, сабырлылық және ойындарды ойнай алуда мықты болу.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда мынадай басты ерекшеліктерді есепке алу қажет:

– тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда адамгершілік құндылықтарды кез келген пәнді оқытудың мазмұнына кіріктіру;

– сыныптан тыс сабақтарды баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

Қарыштап дамып бара жатқан заманда мектеп қабырғасынан бастап жеке тұлғаның қабілеттерін ашу ұстаздардың бірден-бір міндеті болып саналады.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Баланы өмірге дайындауға жанұя тәрбиесіне үлкен жауапкершіліктің жүктелгенін көрсетеді. Әділдік пен бауырмалшылдық, өзара түсінушілік, ата – анаға және туған туыстарына деген сүйіспеншілік пен сыйластық, отанға және айналадағы қоршаған табиғатқа деген махаббат, адамдарға және еңбекке деген құрмет тағы да сол сияқты тұлғалық қасиеттер баланың кішкентай кезінен жанұяда және мектеп қабырғасында қаланады.

Күнделікті тіршілікте жеке тұлғаның әртүрлі қасиеттері ашыла түседі. Психологияда жеке тұлға туралы көптеген психологтардың пікірлері бар. Олардың әрқайсысы жеке тұлға туралы әртүрлі анықтама береді.

Жеке тұлға теориясы-негізгі екі функцияны атқарады: олар мінез-құлықты түсіндіреді және алдын-ала болжайды. Жеке тұлға теориясы адамның жеке басындағы мінез-құлықты зерттеп, қалыптасқан жүйесіне түсініктеме береді. Ол адамның мінезінің сан қырлы ерекшеліктерін түсіндіреді.

Жеке тұлға теориясы-адамның күнделікті тыныс-тіршілігін түсіндіре алады. Жеке тұлғаның өзара қарым - қатынасы олардың болашағына, көзқарасының дамуына, алдын-ала болжам жасайды.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басына тән қасиеттерді тек «мен» деген сала тұрғысынан бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік жігері қандай, ашуланғыш не сабырлы келе ме, өсімдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай екендігін

қарастыратын болсақ, бастауыш сынып оқушысына қойылатын талаптарды мөлшер немесе норма деп атайды. Балада мектепке келмей тұрып, нені істеуге болатынын не болмайтынын әбден жақсы біледі. Мектепке кіргеннен кейін, бұрын орындап көрмеген міндеттерді игере білуі тиіс.

Мысалы, сабаққа кешігіп, не берілген тапсырманы орындамай келуге болмайды. Тапсырманы орындамаса, сол сияқты мектепке таза киініп келмесе немесе тәртіп бұзса, бұл «нормаларды» бұзуға жатады. Әуелгі кезде осыған үйрене алмай қиналатын болады. Бірақ, бірте бірте міндеттерді орындауға үйрене бастайды. Бұл мөлшерлерді норма дейтін себебі осыларды орындау дәлелденген және дәстүр болып кеткен[3].

Жалпы алғанда, осылардың бәріне бірдей тән қасиеттері мынада: әуесқой, ақкөңіл өзгелерге жәрдем бергісі келіп, дәрменсіздерді не қарт адамдарды аяп соларға қамқорлық көрсеткісі келетінінде, 7-8 жастағылардың әуесқойлығын алсақ өзгелерге сұрақ қойғанды, мектепке дейінгілер сияқты «Бұл не?» - деп сұрамайды, «Бұл неліктен?» - дейді. Сұрақтарды осылай құруда үлкен мән бар. Өйткені бастауыш сынып оқушылары нәрсенің не екенін ғана білгісі келмейді, соның сырын, себебін білгісі келеді.

Бастауыш сынып оқушысының ерік жігерін недәуір қалыптасып қалса да, кейде өзін - өзі меңгере алмайды, импульстік іс жасап қалатыны кездеседі. Импульстік іс деп ойланбай, не болса соған қызып, бірденені бүлдіріп алуды айтады. Осындай жайт, баланың тәртіпсіздігінен емес, импульстік іске өзінің икем келуіне, яғни өзін - өзі меңгере алмауынан кездеседі.

Бастауыш сынып оқушысының өз құрбыларымен қарым қатынасы әртүрлі және осының өзі бұрын бала бақшада өстіме, соған орай келеді. Бұлардың ұжымшылдық қасиетінің қалай қалыптасатынын алсақ, осының өзі бірінші сыныпта әлі қалыптаспаған, балалар бақшасында тәрбиеленген балалардың бірқатары өзгелерден бөлшектеніп, өзін сол ұжым мүшесі деп санамайтыны кездеседі. Бұлар бір-біріне жаны ашып, көмектесу дегенді білмейді. Тек өзіне басқалар кедергі жасамаса болғаны. Бірақ 2-3 сыныптарда бұл қасиеттер жойылып, бұлар өзара достаса бастайды [4].

Баланың бір-біріне көмектесуі әуелгі уақытта мұғалімнің басшылығымен іске асады. Кейін барлығы өзара достасып, бірі өзгесіне мейірімді келе бастайды.

Әдебиеттер:

1. <https://www.referat911.ru/Pedagogika/bastauysh-synyp-oushylaryny-zhaketlasyn/5346683258111-place2.html>
2. Зайдл Б. НЛП. Модели эффективного общения: пер. с нем. - 7-е изд., стер. - М.: Омега-Л, 2016.
3. Гольдштейн Н., Мартин С., Чалдини Р. Психология убеждения. 50 доказанных способов быть убедительным.-СПб.-2013
4. <https://infourok.ru/material.html?mid=70120&ysclid=ldae1y5d8w616452959>

Чилякова В.И., Сарсекеева Ж.Е.

Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова

КЛАССИФИКАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ И ИХ ВИДЫ

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о классификации педагогических технологий. Положительный результат в работе учителя зависит от правильно подобранных педагогических технологий, которым посвящен не один десяток исследований в педагогике и частных методиках. Педагогическая технология рассматривается как устойчивая (рациональная) комбинация последовательно использованных действий для получения какого-либо результата.

Ключевые слова: педагогические технологии, виды, классификация, взаимодействие.

По определению Г.М. Коджаспировой и А.Ю. Коджаспирова, педагогическая технология – совокупность последовательно выполняемых методов, способов и шагов, обеспечивающие решение проблем обучения, воспитания и развития личности обучающегося, а деятельность является системой деятельности; построение и последовательная реализация структур учебно-воспитательного процесса в виде системе действий, который обеспечивают положительный результат [1].